



Инфляциялық күтулер

Маусым 2022

- Инфляциялық күтулер жеделдеп, азық-түлік тауарларының ұсынылу жағындағы күйзелістер мен айырбас бағамының өзгеруін көрсетті
- Үй шаруашылықтарының тұтынушылық көңіл-күйі біртіндеп қалпына келеді

Күтулердің сапалық бағалары өсті

Респонденттердің **51%** бағаның ағымдағы өсу қарқынының сақталуын немесе жылдам күтуде (ағымдағы жылдың мамыр айында – 45%).


Бір жыл алға күтілетін инфляцияның сандық бағасы **14,8%**¹ -ға дейін өсті (а. ж. маусым айында – 45%).

Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы жоғарлады


Бір жылдан кейін күтілетін инфляцияның **медианалық бағалауы** 2022 жылғы мамырда **14,9%**-ды құрап, ағымдағы жылғы мамырдағы 13,8%-ден жоғарлады.

Соңғы 12 айда қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы **21,4%**-ды құрады және ағымдағы жылғы мамырмен салыстырғанда сәл жоғарлады.

1-график. Күтілетін инфляцияның сандық мәні



2-график. Инфляция және медианалық бағалаулар, %



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

Өткен 12 айдағы бағалардың өзгеруіне қатысты халықтың бағалауларында **неғұрлым жылдам және бұрынғыдай бағаның өсуін** белгілегендер үлесі **86%** (а.ж. мамыр айында – 87%) құрады. Өткен айда бағаның өсуін атап өткен респонденттердің көпшілігі (**88%**) **азық-түлік** бағасының өскенін атап өтті. Жалпы, көптеген позициялар бойынша бағаның едәуір өсуін байқаған халықтың үлесі осы жылдың маусым айында **азайды**. Бұл ретте респонденттер қант бағасының өсуін (60%) белгілеуді жалғастыруда. Қанттан кейін сауалнамаға қатысушылар нан мен нан-тоқаш өнімдерінің (31%), жемістер мен көкөністердің (27%) қымбаттағанын көрсетеді.

**3-график. Жиі аталатын тауарлар мен қызметтер
мам.22-мау.22**



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

Бір жылдың алдағы уақытта бағаның өсуін күткен респонденттер мұны негізінен азық-түлік бағасының өзгеруімен, аз дәрежеде – валюта бағамының өзгеруімен және сыртқы оқиғалармен байланыстырады. Бағаның өсуін коронавирус жағдайының нашарлауымен,

егіннің жетіспеушілігімен, жалақы мен зейнетақының өсуімен байланыстыратын респонденттердің үлесі артты.

4-график. Болашақта бағаның өсу факторлары
(бір жыл алға бағаның өсуін күтетін респонденттерден %-ы)



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab


Үй шаруашылықтарының тұтынушылық көңіл-күйі біртіндеп қалпына келеді

2022 жылдың маусым айында тұтынушылық көңіл-күй индексі жақсаруды жалғастырып, 107,7 құрады. Бағалаудың жақсаруы ағымдағы жағдай мен күтулер бөлігінде де байқалды.

Атап айтқанда, теріс аймақта қалуды жалғастыра отырып ағымдағы материалдық жағдайды бағалау жақсарды: респонденттердің 36% оның нашарлауын, 46% өзгермейтіндігін тіркейді. Ірі сатып алуға дайындық төмен деңгейде – ағымдағы жылдың маусым айында респонденттердің 44% ағымдағы уақытты теріс бағалады.

Елдің ұзақ мерзімді дамуын да, қысқа мерзімді дамуын да бағалау жақсарды. Елдің даму перспективаларын бір жыл және 5 жыл алға оң бағалайтын сұралғандардың үлесі тиісінше 47% және 48% құрайды. Болашақ жеке қаржылық жағдайды бағалау жақсаруды жалғастырды.


5-график. Тұтынушылық көңіл-күй индексі ²



6-график. Ағымдағы жағдай бағалаулары



7-график. Күтулер бағалаулары



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

ЕСКЕРТПЕЛЕР

- 1** Инфляциялық күтулердің квантификацияланған мәнін есептеу әдістемесі Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылған
2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулердің сандық бағасы/медианалық бағалау жарияланбады, өйткені 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне елдегі қаңтардағы оқиғаларға әсер етті, бұл үлгінің аз мөлшеріне және алдыңғы деректермен сәйкес келмеуіне әсер етті
Қабылданатын инфляцияны медианалық бағалау: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қанша өсті? сұрақ нәтижелері негізінде есептелген. Күтілетін инфляцияны медианалық бағалауы - «Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қанша өседі?»
- 2** Тұтыну көңіл-күйінің индексі: жеке индекстердің орташа мәні-соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі; жақын жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі; жақын жылдағы елдің даму перспективалары; жақын арадағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары; ірі сатып алулар.
Ағымдағы жай-күй индексі: жеке индекстердің орташа мәні-соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі; ірі сатып алу индексі.
Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні-таяудағы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі; таяудағы жылдағы елдің даму перспективалары; елдің таяудағы 5 жылдағы даму перспективалары.
Сандық мән – бұл оң және теріс жауаптардың + 100 арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәндері 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100 – ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екендігін көрсетеді